

**5B011900-Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының
білім беру бағдарламасының бітірушілері
меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер**

Құзыреттіліктердің түрі	Қалыптасатын құзыреттіліктер	Зерттеу кезінде қалыптасатын құзыреттіліктер
Ана тілі саласындағы құзыреттіліктер	Мамандығына байланысты тоқтаусыз оқуға, тынымсыз үйренуге, татымды тәжірибе жинақтауға дағдыландыру. Тілдің оқу мақсатындағы негізгі лексикасын және мамандық тілін, терминологиясын білу және түсінуі керек. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілді жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, оқушылардың әлемдік танымын қалыптастыру.	Ағылшын тілінің практикасы және мамандыққа кіріспе модулі
Шет тілдері саласындағы құзыреттіліктер	Іс-әрекеттің арнайы түрінде қарым –қатынас ерекшеліктерін, «мәдениетаралық қарым – қатынас» түсінігінің мәні мен оның негізгі түрлерін, оқытылатын шетел тілі еліне байланысты туралы елтану, мәдениеттану, тіл мәдениетін тану материалдарын білу қажет. Орыс тілі оқыту мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктері, даму тарихы мен қазіргі жағдайы туралы білу және түсіну керек.	Шетел тілі модулі, Коммуникативті модуль, Әдістеме модулі
Іргелі математикалық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық дайындық бойынша құзыреттіліктер	Оқу және ғылыми мақсаттарда жоғары жетістіктерге жетуде және оқушы тұлғасының индивидуалдық ерекшеліктерін зерттей білу, қажетті жаңа ақпараттарды қолдану үшін өз бетінше ғылыми іздену жұмыстарын жүргізу керек. Әлеуметтік маңызды құбылыстар Еркін қарым – қатынас жасай білу және өздік жұмыс нәтижелерін жазбаша,	Екінші шетел тілі модулі, Арнайы мақсатта оқыту (C1-C2) негізгі деңгейі) модулі

	ауызша формада көрсете білу керек.	
Компьютерлік бойынша құзыреттіліктер	Өзінің шетел тілі саласында ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана білу керек. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыруы, қазіргі заман талабына сай ақпараттандыру қоғамының жаңа талаптарын орындауы, оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды қолданылуы керек.	Ақпараттық - тарихи модуль
Оқу бойынша құзыреттіліктер	Оқушылардың шетел тілінде қарым –қатынас жасау құзырын қалыптастыруға қойылатын деңгейлі халықаралық стандарт талаптарын ескере отырып, немесе екі шетел тілінің мұғалімі қызметін атқаруы. Оқу –тәрбие жұмысын педагогикалық үрдістің заңдарын, заңдылықтары, тәрбие механизмдері мен принциптеріне сәйкес жүзеге асыру, сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау қабілеттілігін қалыптастыру, оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудың түрлі әдістері мен формаларын таңдап қолдана білу, оқушылармен сол сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдермен және ата-аналармен тығыз байланыс жасап, оқу –тәрбие ісінде арнайы амал –тәсілдерді дамыту.	Филологияға кіріспе және тіл тарихы модулі
Әлеуметтік (тұлғааралық, мәдениетаралық, азаматтық) құзыреттіліктер	Берілген пән әлеуметтік іс – әрекеттің бірден – бір белсенді субъектісі ретінде көрінетін студенттің мүмкіндігін, мұқтаждығын, бейімдігін, қамтамасыз ететін оқытушы мен оқушылардың өзара қарым –қатынасы, оқытылатын шетел тілі елінің және өз елінің ұлттық мәдениетін қалыптастыру, адамның адамға, қоғамға, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын , этика мен	Қоғамдық-әлеуметтік модуль, Педагогика және тәрбие жұмысы модулі, Елтану және өзін-өзі тану модулі

	құқық нормаларын білу, ойлау мәдениетін меңгеру.	
Кәсіпкерлік, экономикалық құзыреттіліктер	Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатын жүзеге асыру, экономикалық дүниетаным мен белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру. Басқарушылық, шешім қабылдай білу және жедел ұйымдастыру, бизнестің негізгі алғы шарттары жөнінде білімін үнемі жетілдіріп отыру.	Кәсіби тілдер және әдістеме модулі, Базалық шетел тілі модулі, Екінші шетел тілін мамандандыру модулі
Мәдени, сондай-ақ қосымша қабілеттер	Кісілік дамуға, кәсіби өсуге, кәсіпкерлікті дәріптеуге, білім, ғылым, менеджмент, денсаулық, кәсіпкерлік бағытындағы сараптамалық талаптарға бейімделу. Рухани білімін және интеллектуалды ойлау қабілетін байытып отыру, өзін –өзі дамыту дағдысын жетілдіріп, қоғамда болып жатқан әр түрлі өзгерістерге сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіріп отыру дағдысын қалыптастыру.	Әдебиет және тіл теориясы модулі, Аударма теориясы модулі